**Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы**

**№ 12 ХАТТАМА**
**30 маусым 2025 жыл**

**Ғылыми кеңес мәжілісі**
**Төраға:** ректор, философия докторы (PhD) Г.К. Тасбергенова
**Хатшы:** ғылым кандидаты, доцент Ш.А. Аманжолова

**ҚАТЫСҚАНДАР**: 25 адам (Келу парағы хаттамаға қоса тіркеледі).
**ҚАТЫСПАҒАНЫ:** 6 адам: Н.Т. Кулданов, Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор; А.Б. Наурзбаева, Ректордың кеңесшісі, профессор, философия ғылымдарының докторы; Ғ.Ғ. Ғабдрахимова, «Халық музыкасы» факультетінің деканы, «Құрмет» орденінің иегері, аға оқытушы, магистр; З.Ш. Измуратова, «Көне музыкалық аспаптар» кафедрасының меңгерушісі, профессор (акад.) (іссапарына байланысты); Г.Б. Әбдірахман, Академиялық мәселелер жөніндегі проректор, профессор, өнертану ғылымдарының кандидаты; Ж.Т. Мусапирова, «Жалпы фортепиано» кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушы (еңбек демалысына байланысты).

**Күн тәртібінде:**

1) Құрманғазы атындағы ҚҰК 2024-2025 оқу жылының Академиялық мәселелер жұмысы туралы есеп *(Н.А. Ертаева, Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысы);*
2) 2024-2025 оқу жылындағы тәрбие және әлеуметтік жұмыстар туралы есеп *(Ж. Ысқақов, Әлеуметтік тәрбие жұмысы және жастар саясаты қызметінің басшысы);*
3) Студенттер жатақханасында орындарды бөлу тәртібі туралы *(Ж. Ысқақов, Әлеуметтік тәрбие жұмысы және жастар саясаты қызметінің басшысы);*
4) Білім алушыларды (бакалавриат, магистратура) ақылы оқу түрінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстыру туралы *(Н.А. Ертаева, Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысы);*
5) Академиялық ұтқырлық бағдарламасы және шетелдік серіктестермен ынтымақтастық шеңберіндегі халықаралық қызмет туралы есеп *(Д.Д. Уразымбетов, Халықаралық бағдарламалар және ынтымақтастық жұмыстар бөлімінің басшысы);*
6) Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының білім алушыларының, оқытушыларының және әкімшілік қызметкерлерінің академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру және іске асыру туралы Ережеге өзгерістер енгізу туралы *(Д.Д. Уразымбетов, Халықаралық бағдарламалар және ынтымақтастық жұмыстар бөлімінің басшысы);*
7) 2024-2025 оқу жылындағы Мемлекеттік емтихандардың қорытындысы туралы есеп (ІІ жартыжылдық бойынша) *(Факультет декандары);*

8) Білім алушыларды ҚР Президенті мен Н. Назарбаев Қорының студенттік шәкіртақыларына ұсыну туралы *(Факультет декандары);*

9) Консерватория қабырғасындағы студенттік оркестрлерін бейіні бойынша кафедраларға бекіту туралы *(Г.К. Тасбергенова, ҒК төрағасы, ректор);*

10) Факультет кеңесінің жұмысы туралы Ережені бекіту *(А.Ж. Машимбаева, Оқу-әдістемелік жұмыс және инклюзивті білім беру бөлімінің басшысы);*

11) 2024-2025 оқу жылындағы Құрманғазы ҚҰК Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуы туралы есеп *(Ш.А. Аманжолова, Ғалым хатшы);*

12) *Әртүрлі.*

12.1 «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығына үміткерлерді бекіту туралы *(Кафедра меңгерушілері);*

12.2 Құрманғазы ат. ҚҰК келесі профессор-оқытушылық құрамын ҚР ҒжЖБМ-нің ғылыми атақтарына ұсыну туралы *(Кафедра меңгерушілері, Ғалым хатшы);*

12.3 2025-2026 оқу жылында Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының студенттік жатақханасында тұру ақысы туралы *(Р.Н. Молдабекова, Бас экономист);*

12.4 2025-2026 оқу жылында топтық оқу журналдарын жүргізілуі туралы *(А.Ж. Машимбаева, Оқу-әдістемелік жұмыс және инклюзивті білім беру бөлімінің басшысы).*

**КІРІСПЕ СӨЗ:**

*Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Ғылыми кеңес төрағасы, ректор, философия докторы (PhD):*

Қайырлы күн, құрметті Ғылыми кеңес мүшелері! Ғылыми кеңестің кезекті мәжілісін ашық деп жариялаймын. Күн тәртібіндегі алғашқы сұраққа ауыссақ.

**1. ТЫҢДАЛДЫ:** Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысы Н.А. Ертаеваның Құрманғазы атындағы ҚҰК 2024-2025 оқу жылының Академиялық мәселелер жұмысы туралы есебі.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

*Н.А. ЕРТАЕВА – Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысы:*

Қайырлы күн, құрметті ҒК төрағасы және мүшелері. Назарларыңызға Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 2024-2025 оқу жылындағы академиялық қызметі туралы есебін ұсынамын.

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 2024-2025 оқу жылындағы академиялық мәселелер жөніндегі жұмыстар келесі **Нормативтік-құқықтық құжаттарға** сүйене отырып жүргізілді:

1) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы;

2) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы;

4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 желтоқсандағы № 665 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларының тізіліміне білім беру бағдарламаларын қосу және алып тастау алгоритмі;

5) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ тізілімге қосу және одан шығару негіздері.

6) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің міндетін атқарушының бұйрықтарымен бекітілген мәдениет саласындағы кәсіби стандарттар:

7) 2024 жылғы 17 сәуірдегі № 151 бұйрық («Әнші», «Аспапта орындаушы, музыкалық аспап бойынша оқытушы (түрлері бойынша)» КС);

8) 2024 жылғы 17 сәуірдегі № 150 бұйрық («Арт-менеджмент», «Дирижер», «Композитор», «Музыка зерттеушісі» КС).

9) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2025 жылғы 7 сәуірдегі № 145-НҚ бұйрығымен бекітілген Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидалары.

10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары.

11) Консерваторияның Ғылыми кеңесінде бекітілген (2025 жылғы 30 сәуірдегі № 10 хаттама) «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ-не жоғары білім беру бағдарламаларын (Бакалавриат) іске асырушы оқуға қабылдау қағидалары.

12) 16 мамыр 2018 жылы бекітілген Құрманғазы атындағы ҚҰК апелляциялық комиссиясы туралы ережесі және т.б.

Академиялық мәселелер жөніндегі жұмыстар келесі **қызметтік бағыттар** бойынша жүргізілді:

1) Жоғары оқу орнын институционалдық пост-аккредиттеу.

2) Магистратура мен докторантураның білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу.

3) 2024-2025 оқу жылына талапкерлерді қабылдау, білім алушылар контингентімен жұмыс;

4) Білім алушылар контингентімен жұмыс;

5) Ағымдағы үлгерімге, пәндердің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізу;

6) Түлектерді жұмысқа орналастыру;

7) Академиялық ұтқырлық.

8) Білім беру бағдарламаларын жетілдіру;

9) Шығармашылық ерекшелікті көрсету мақсатында ҚР ҒЖБМ (БҒМ) НҚА жетілдіру;

10) Оқу процесін регламенттейтін және оқу-әдістемелік құжаттамамен қамтамасыз ету;

11) ПОҚ біліктілігін арттыру;

12) ОӘБ қызметін қамтамасыз ету;

13) ҚР ҒЖБМ Республикалық пәндік олимпиадасын және орта музыкалық оқу орындарының оқушыларына арналған шағын олимпиада өткізу.

## 1. ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ПОСТАККРЕДИТТЕУ

2025 жылдың 25 мамырында БААК ТҚК ұсынымдарын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары шеңберінде постаккредиттеу мониторингін жүргізді. Нәтижелер айтарлықтай прогресті көрсетті:

1. Толықтай іске асырылған ұсынымдар (100%) — ағымдағы деңгейді ұстап тұруды бақылау:

- Жаңартылған стратегиялық жоспар (2.1.2)
- Халықаралық және ұлттық ынтымақтастық (2.2.2)
- Басшылардың біліктілігін арттыру (2.2.3)
- Коммуникация және құжат айналымы саясаты (2.3.1)
- БББ талаптарға сәйкестігіне мониторинг (2.5.2)
- Шетелдік студенттерді бейімдеу бағдарламасы (2.7.1)
- Қаржылық ашықтық (2.12.1)

Қажетті әрекеттер: Жүйелілікті қолдау, нормативтік базаны үнемі жаңартып отыру, KPI және сыртқы талаптар бойынша мерзімдердің сақталуын бақылау.

2. Жеткілікті дәрежеде іске асырылатын ұсынымдар (70–95%) – одан әрі нығайту және нақтылау қажет

**Сапаны басқару жүйесі**

2.1.1 ESG және СБЖ (95%) – негізгі элементтер іске асырылды; ESG-бейімделу дәрежесін бағалау индикаторларын пысықтау қажет.

2.2.1 Өзгерістерді талдау (90%) – жүйелі; «мәселе-әрекет-нәтиже» кейс-тәсілін ресімдеу қажет.

**Білім беру бағдарламалары және ұтқырлық**

2.4.1 Бірлескен бағдарламалар (70%) – бастамалар бар; 1-2 басым жоғары оқу орнына назар аударып, пилотты іске қосу қажет.

2.6.1 Оқытудағы инновациялар (90%) – элементтер қолданылады; бағалауды енгізу және кейстерді жүйелеу ұсынылады.

2.7.2 Студенттердің академиялық ұтқырлығы (90%) – қамту өсуде; сүйемелдеуді күшейту қажет (визалар, стипендиялар, гранттар бойынша гид).

2.7.3 Түлектер қауымдастығы (95%) – құрылды; тұрақты кездесулер мен тәлімгерлік арқылы функцияларды кеңейту ұсынылады.

**3. Даму бойынша қосымша ұсынымдар**

**ПОҚ және ғылыми-зерттеу жұмысы**

2.8.1–2.8.2 Кәсіби өсу және ПОҚ ұтқырлығы (80%) – ынталандыру жүзеге асырылуда; ағылшын тіліндегі құзыреттіліктерді және мансапты жоспарлауды дамыту қажет.

2.9.1 Бірлескен ҒЗЖ (70%) – әлеуетті; халықаралық жобаларды ресімдеу және серіктестікті ресімдеу ұсынылады.

2.9.2 Жарияланымдар (80%) – қолдау көрсетіледі; мониторингті және ішкі конкурстар жүйесін бекіту маңызды.

**Ресурстық қамтамасыз ету**

2.11.1 Технологиялық қолдау (70%) – онлайн-курстар құру және ПОҚ цифрлық көмегін кеңейту ұсынылады.

2.11.2 Мемлекеттік тілдегі әдебиет (80%) – бастамалар басталды; аудармалар мен басылымдарға институционалдық қолдау қажет.

2.11.3 Инклюзия және инфрақұрылым (90%) – жағдайлар жасалды; қолжетімділікке аудит жүргізу және қашықтан форматтарды қамтамасыз ету маңызды.

**4. Институционалдық аккредиттеуге дайындықтың келесі кезеңіндегі басымдықтар:**

- Цифрлық шешімдерді нығайту (онлайн-курстар, СБЖ талдауы, ААЖ);
- Өзгерістер нәтижелерін ресімдеу және енгізу;
- Ағылшын тілді ортаны және жарияланым белсенділігін ілгерілету;
- Нақты халықаралық бағдарламаларды кеңейту;
- Инклюзияны жалғастыру және түлектермен жұмыс істеу.

## 2. МАГИСТРАТУРА МЕН ДОКТОРАНТУРА БББ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ

28-30 сәуірде Құрманғазы атындағы ҚНК-да БААК стандарттары бойынша магистратураның (7) және докторантураның (7) БББ мамандандырылған аккредиттеуі өтті. БББ 4 кластерге біріктірілді.

**1 кластер (бастапқы аккредиттеу)**

7M02123 – Арт-менеджмент (бастапқы аккредиттеу)

8D02103 – Вокалдық өнер (бастапқы аккредиттеу)

8D02105 – Дирижерлеу (бастапқы аккредиттеу)

**2 кластер**

7M02101 – Музыкатану

8D02101 – Музыкатану

7M02111 – Композиция

8D02111 – Композиция

8D02123 – Арт-менеджмент

**3 кластер**
7М02102 – Аспаптық орындаушылық
8D02102 – Аспаптық орындаушылық
7М02104 – Дәстүрлі музыкалық өнер
8D02104 – Дәстүрлі музыкалық өнер
**4 кластер**
7М02103 – Вокалдық өнер
7М02105 – Дирижерлеу
**Барлық кластерлер бойынша қорытынды келесіндей болды:**

| Кластер | Қанағаттанарлық | Жақсартуды қажет етеді | Күшті жақтары |
|---|---|---|---|
| **1 кластер** | 91% | 6% | 3% |
| **2 кластер** | 87–91% | 4–6% | 8–9% |
| **3 кластер** | 88–89% | 3–5% | 7–8% |
| **4 кластер** | 88% | 4% | 8% |

Барлық кластерлер үшін негізгі ұсыныстар:

1. Жұмыс берушілермен жұмысты күшейту;
2. Оқыту әдістеріндегі инновацияларды ілгерілету;
3. Студенттер мен ПОҚ академиялық ұтқырлығын дамыту;
4. ОӘК және материалдық-техникалық базаны жаңарту;
5. Тұрақты АТ-ортаны қамтамасыз ету (Wi-Fi, мультимедиа);
6. Түлектер қауымдастығының қызметін жандандыру.

## 3. ҚАБЫЛДАУ СТАТИСТИКАСЫ

| **БАКАЛАВРИАТ бойынша** | | | |
|---|---|---|---|
| | **2022 жыл** | **2023 жыл** | **2024 жыл** |
| **Барлығы өтініштер** | **361** | **372** | **324** |

| **МАГИСТРАТУРА бойынша** | | | |
|---|---|---|---|
| | **2022 жыл** | **2023 жыл** | **2024 жыл** |
| **Барлығы өтініштер** | **70** | **89** | **66** |

| ДОКТОРАНТУРА бойынша | | | |
|---|---|---|---|
| | **2022 жыл** | **2023 жыл** | **2024 жыл** |
| **Барлығы өтініштер** | **4** | **5** | **6** |

Талапкерлерге сауалнама жүргізу негізінде ұсынылды:

- ✓ «Соқыр» тыңдауды енгізу.
- ✓ Консерватория сайтының интерфейсін жаңарту.
- ✓ Төлем және жатақханалар бойынша деректерді алдын ала жариялау.
- ✓ Күту шарттарын жақсарту және аудиторияларға қолжетімділікті кеңейту.

## 4. ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ БАСЫ МЕН СОҢЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ МЕН ФАКУЛЬТЕТТЕР БОЙЫНША КОНТИНГЕНТ

| № | ББӘ/Мамандық | Мемлекеттік тапсырыс бойынша барлығы | Ақылы түрде барлығы | БАРЛЫҒЫ |
|---|---|---|---|---|
| **ВОКАЛ ЖӘНЕ ДИРИЖЕРЛЕУ ФАКУЛЬТЕТІ** | | | | |
| **1** | 6В02120/6В02103 – Вокальдық өнер | 131/135 | 25 / 17 | 156 / 152 |
| **2** | 6В02117 – Дирижерлеу | 94 / 96 | 12 / 7 | 106 / 103 |
| **3** | 6В02118 – Әскери үрмелі аспаптар оркестрін дирижерлеу | - | 3 | 3 |
| **БАРЛЫҒЫ:** | | **225/231** | **40/27** | **265/258** |
| **АСПАПТЫҚ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ** | | | | |
| **1** | 6В02119/6В02115 – Аспаптық орындаушылық/Фортепиано | 101/102 | 8/6 | 109/108 |
| **2** | 6В02119/6В02115 – Аспаптық орындаушылық /Ішекті аспаптар | 69/68 | 10/8 | 79/76 |
| **3** | 6В02119/6В02115 – Аспаптық орындаушылық /Үрмелі және ұрмалы аспаптар | 104/100 | 4 | 108/104 |
| **4** | 6В02119/6В02115 – Аспаптық орындаушылық /Классикалық Гитара | 8 | 1 | 9 |
| **БАРЛЫҒЫ:** | | **282/278** | **23/19** | **305/297** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **МУЗЫКАТАНУ, АРТ-МЕНЕДЖМЕНТ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕР ФАКУЛЬТЕТІ** | | | | |
| **1** | 6В02114 – Музыкатану | 20/18 | 2 | 22/20 |
| **2** | 6В02111 – Композиция | 5/4 | 4/1 | 11/5 |
| **3** | 6В02123 – Арт-менеджмент | 82 | 10/7 | 92/89 |
| **БАРЛЫҒЫ:** | | **107/104** | **16/10** | **123/114** |
| **ХАЛЫҚ МУЗЫКАСЫ ФАКУЛЬТЕТІ** | | | | |
| **1** | 6В02121/6В02116 – Дәстүрлі музыкалық өнер: Халық аспаптары /Домбра, прима, шертер, фольклорлық аспаптар | 115/118 | 18/9 | 133/127 |
| **2** | 6В02121/6В02116 – Дәстүрлі музыкалық өнер: Халық аспаптары /Қобыз, альт қобыз | 121/124 | 10/6 | 131/130 |
| **3** | 6В02121/6В02116 – Дәстүрлі музыкалық өнер /Халық әні | 81/83 | 4/2 | 85/85 |
| **4** | 6В02121/6В02116 – Дәстүрлі музыкалық өнер /Көне музыкалық аспаптар | 55/53 | 6/5 | 61/58 |
| **БАРЛЫҒЫ:** | | **372/378** | **38/22** | **410/400** |
| **КОНСЕРВАТОРИЯ БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ:** | | **986/991** | **117/78** | **1103/1069** |

## 2024-2025 оқу жылындағы МАГИСТРАНТТАР ҚҰРАМЫ

| Білім беру бағдарламалары | Курс | Мемлекеттік тапсырыс бойынша | Шарттық негізде ақылы | БАРЛЫҒЫ |
|---|---|---|---|---|
| 7М02123-Арт-менеджмент | **1** | - | - | - |
| 7М02101 – Музыкатану | **1** | **2** | - | **2** |
| 7М02102 – Аспаптық орындаушылық | **1** | **15** | **1** | **16** |
| 7М02103 – Вокалдық өнер | **1** | **5** | | **5** |
| 7М02104 – Дәстүрлі музыкалық өнер | **1** | **9** | **4** | **13** |
| 7М02105 – Дирижерлеу | **1** | **7** | **1** | **8** |
| 7М02111 – Композиция | | **2** | - | **2** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **БАРЛЫҒЫ** | | **40** | **6** | **46** |
| 7M02123-Арт-менеджмент | **2** | **-** | **-** | **-** |
| 7M02101 – Музыковедение | **2** | **4** | **-** | **4** |
| 7M02102 – Аспаптық орындаушылық | **2** | **13** | **2** | **15** |
| 7M02103 – Вокалдық өнер | **2** | **4** | **-** | **4** |
| 7M02104 – Дәстүрлі музыкалық өнер | **2** | **9** | **1** | **10** |
| 7M02105 – Дирижерлеу | **2** | **7** | | **7** |
| 7M02111 – Композиция | **2** | **2** | | **2** |
| **БАРЛЫҒЫ** | | **39** | **3** | **42** |
| **ЖАЛПЫ САНЫ** | | **79** | **9** | **88** |

## 2024-2025 оқу жылындағы ДОКТОРАНТУРА ҚҰРАМЫ

| **Білім беру бағдарламалары** | **Курс** | **Мемлекеттік тапсырыс бойынша** | **Шарттық негізде ақылы** | **БАРЛЫҒЫ** |
|---|---|---|---|---|
| 8D02101– Музыкатану | 1 | 2 | - | 2 |
| 8D02102 – Аспаптық орындаушылық | 1 | 1 | - | 1 |
| 8D02103 – Вокалдық өнер | 1 | 1 | | 1 |
| 8D02111 – Композиция | 1 | 0/1 | - | 0/1 |
| 8D02123 – Арт-менеджмент | 1 | 1 | | 1 |
| **БАРЛЫҒЫ** | | 6 | - | 6 |
| 8D02101– Музыкатану | 2 | 1 | - | 1 |
| 8D02102 – Аспаптық орындаушылық | 2 | 3 | - | 3 |
| 8D02104 – Дәстүрлі музыкалық өнер | 2 | 1 | - | 1 |
| **БАРЛЫҒЫ** | | 5 | 0 | 5 |
| 8D02102 – Аспаптық орындаушылық | 3 | 1 | - | 2 |
| 8D02104 – Дәстүрлі музыкалық өнер | 3 | 2 | - | 1 |
| 8D02123 – Арт-менеджмент | 3 | 1 | - | 1 |
| **БАРЛЫҒЫ** | | 4 | 0 | 4 |

| ЖАЛПЫ САНЫ | | 14/15 | 0 | 14/15 |
|---|---|---|---|---|

## ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ БАСЫ МЕН СОҢЫНДАҒЫ ДЕҢГЕЙЛЕР БОЙЫНША БІЛІМ АЛУШЫЛАР ҚҰРАМЫ

| | БАКАЛАВРИАТ | | | МАГИСТРАТУРА | | | ДОКТОРАНТУРА | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Барлығы | грант | Шаруаш. келісімі | Барлығы | грант | Шаруаш. келісімі | Барлығы | грант | Шаруаш. келісімі |
| 02.09.2024 | 1103 | 986 | 117 | 88 | 79 | 9 | 14 | 14 | - |
| 12.06.2025 | 1069 | 991 | 78 | 88 | 79 | 9 | 15 | 15 | - |

## СОҢҒЫ ҮШ ЖЫЛДАҒЫ БАКАЛАВРИАТТА АУЫСТЫРЫЛҒАН ЖӘНЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛГЕН СТУДЕНТТЕР САНЫ

| БББ АТАУЫ | 2022-2023 оқу жылы | 2023-2024 оқу жылы | 2024-2025 оқу жылы |
|---|---|---|---|
| Вокалдық өнер | | | |
| Дирижерлеу | | 1 | 1 |
| Фортепиано | | 1 | 1 |
| Ішекті аспаптар | | | |
| Үрмелі және ұрмалы аспаптар | | | 1 |
| Классикалық гитара | | | |
| Музыкатану | | | |
| Композиция | | | |
| Арт-менеджмент | | | |
| Халық аспаптары (Домбыра тағыда басқалар) | 3 | 5 | 4 |
| Халық аспаптары (Қобыз, баян) | 2 | 1 | 1 |
| Халық әні | | | 1 |
| Көне музыкалық аспаптар | | | |
| БАРЛЫҒЫ: | 5 | 8 | 9 |

## ШЫҒАРЫЛҒАН СТУДЕНТТЕР:




**СОҢҒЫ ҮШ ЖЫЛДА ОҚУДАН ШЫҒАРЫЛҒАН СТУДЕНТТЕР САНЫ**

| Мамандықтар атауы | 2022-2023 оқу жылы | 2023-2024 оқу жылы | 2024-2025 оқу жылы |
|---|---|---|---|
| Вокалдық өнер | 6 | 2 | 4 |
| Дирижерлеу | 7 | 4 | 5 |
| Фортепиано | 1 | 1 | 1 |
| Ішекті аспаптар | | 5 | 3 |
| Үрмелі және ұрмалы аспаптар | 4 | 7 | 5 |
| Классикалық гитара | | - | - |
| Музыкатану | 2 | - | 2 |
| Композиция | 1 | 4 | 4 |
| Арт-Менеджмент | | 1 | 3 |
| Халық аспаптары (Домбыра т.б.) | 5 | 6 | 8 |
| Халық аспаптары (Қобыз, баян) | 2 | 3 | 3 |
| Халық әні | | 5 | - |
| Көне музыкалық аспаптар | | | 4 |
| **БАРЛЫҒЫ:** | **34** | **38** | **42** |

## ЖАЗҒЫ СЕМЕСТР БОЙЫНША
## ОҚУ ЖЫЛДАРЫ БОЙЫНША БОРЫШТАР САНЫ




## ГРАНТҚА АУЫСТЫРУ БОС ГРАНТТАР

**30.06.2025 ж. жағдай бойынша**

Қысқы сессияның қорытындысы бойынша: Бакалавриат – 13;
Жазғы сессияның қорытындысы бойынша: Барлығы – 12
1 курс бойынша – 4; 2 курс бойынша – 6; 3 курс бойынша – 2.

## ФАКУЛЬТЕТТЕР БОЙЫНША ҮЛГЕРІМ

| № | Факультет | Студенттер саны | 5 ке | 4-5 ке | Аралас | қарыз студенттер | Академ. отпуск | Үлгірім % | Білім сапасы % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **1** | **ХМФ** | 400 | 51 | 292 | 42 | 11 | 4 | **97,28** | 86,37 |
| **2** | **АОФ** | 296 | 29 | 227 | 28 | 9 | 1 | 94,9 | 85,11 |
| **3** | **ВжДФ** | 261 | 44 | 174 | 31 | 5 | 2 | **98** | 85,66 |
| **4** | **МАМжӘГП** | 116 | 33 | 64 | 9 | 5 | - | 86,51 | 82,93 |
| **БАРЛЫҒЫ** | | **1071** | **157** | **757** | **110** | **30** | **7** | **94** | **85** |

Тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерінің 4-қосымшасына сәйкес, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде субъективті өлшемнің

| **Ағымдағы оқу жылының 1 семестріндегі бағалардың бөлінуі** | | | |
|---|---|---|---|
| ЖЖОКБҮ-да қолданылатын бағалар | Референттік топта қойылған оң бағалар саны | Әрбір бағаның жалпы оң бағалар санына қатынасының пайызы | Оң бағалардың жиынтық пайызы |
| **A, A-** | **5320** | **50,74** | **50,74** |
| B+, B, B-, C+ | 4884 | 46,58 | 97,32 |
| C, C-, D+, D | 238 | 2,27 | 99,59 |
| F | 43 | 0,41 | 100 |
| Барлығы | 10485 | 100 | 0 |

| **Ағымдағы оқу жылының 2 семестріндегі бағалардың бөлінуі** | | | |
|---|---|---|---|
| ЖЖОКБҮ-да қолданылатын бағалар | Референттік топта қойылған оң бағалар саны | Әрбір бағаның жалпы оң бағалар санына қатынасының пайызы | Оң бағалардың жиынтық пайызы |
| **A, A-** | **5353** | **54,38** | **54,38** |
| B+, B, B-, C+ | 4133 | 41,98 | 96,36 |
| C, C-, D+, D | 283 | 2,87 | 99,24 |
| F | 75 | 0,76 | 100 |
| Барлығы | 9844 | 100 | 0 |

көрсеткіші – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясындағы барлық талданған академиялық кезеңдердегі «А» және «А–» бағаларының үлесі белгіленген 20% шегінен асады. Демек, осы өлшем бойынша консерватория 100 балл алады, бұл талаптарға сәйкес келмеуді білдіреді.

Бағалау тәжірибесін қайта қарап, ішкі бақылауды күшейту қажет.

Әрбір профессор-оқытушылар құрамы (ПОҚ) түсінуі маңызды: ол студентке көмектесу үшін қарсы барып, «бір балл қосқанда», бұл жай ғана ізгі ниет емес. Бұл бүкіл консерваторияның тәуекел аймағында қалуына әкелуі мүмкін.

## ҮЗДІК ДИПЛОМДАР ДИНАМИКАСЫ




## МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯЛАРДЫ ҚОРҒАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

| № | ОП | Барлығы | МД-ға жіберілген | | | | | Үлгірім (%) | Білім сапасы (%) | Орташа балл |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 5 | 4 | 3 | МД-ны қорғамады | | | |
| | | | | **2022-2023 оқу жылы** | | | | | | |
| **1** | Магистратура | 40 | 39 | 28 | 9 | 2 | | 100 % | 94.87 % | 4.67 |
| | | | | **2023-2024 оқу жылы** | | | | | | |
| **1** | Магистратура | 47 | 47 | 34 | 13 | - | | 100 % | 100 % | 4.72 |
| | | | | **2024-2025 оқу жылы** | | | | | | |
| **1** | **Магистратура** | **40/2** | **40/2** | **34/1** | **6/1** | **-** | | **100 %** | **100 %** | **4.83** |

## Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігіндегі білім беру жүйесі бойынша тәуекел дәрежесін субъективті өлшемдер бойынша анықтауға арналған субъективті өлшемдердің тізбесі

**4-қосымша. Білім беру жүйесі бойынша тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдеріне, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде**

<table>
<tr><th>№</th><th>Субъективті өлшемнің көрсеткіші</th><th>ЖОО бойынша орындалуы</th><th>Орындалмау себебі</th></tr>
<tr><td>4.</td><td>ЖОО докторанттарының шығарылғаннан кейін екі жыл ішінде жалпы түлектер санының 40%-нан аз қорғалу үлесі</td><td>
<table>
<tr><th colspan="3">Сәйкес келмеді.</th></tr>
<tr><th rowspan="2">Түлектердің жалпы саны</th><th colspan="2">Екі жыл ішінде қорғаған докторанттар саны</th></tr>
<tr><th>2023 ж.</th><th>2024 ж.</th></tr>
<tr><td rowspan="3">7</td><td>1</td><td>0</td></tr>
<tr><td>14,2%</td><td>0%</td></tr>
<tr><td colspan="2">14,2 %</td></tr>
</table>
</td><td>Қорғаудың болмауының негізгі мәселесі – Scopus базасында мақала жариялау мүмкін еместігі. Егер мүмкіндік болса, бұл талапты жалпы ғылыми өнертану ортасы бар РИНЦ-тің мамандандырылған ғылыми журналдарындағы жарияланымдарға өзгерту керек.</td></tr>
</table>

## Жасанды интеллект бойынша кіріспе курстарын меңгеру туралы есеп

| Факультет атауы | Білім алушылар саны | Курс өткендер саны | Процент | Сертификаттар |
|---|---|---|---|---|
| АОФ | 331 | 331 | 100% | https://docs.google.com/spreadsheets/d/1imLHw225zp825VUU1200C4iVvrl8-ED_/edit?usp=sharing&ouid=108041461121145081506&rtpof=true&sd=true |
| ХМФ | 426 | 426 | 100% | https://docs.google.com/spreadsheets/d/1xI4oSN23dDY6iQs1WyA49B6aTVrllipJ/edit?gid=448325246#gid=448325246 |
| МАМжӘГПФ | 130 | 130 | 100% | https://docs.google.com/spreadsheets/d/1aeee2XKD6ewoawdW5jT3rEc3QHkt-ixQ/edit?gid=308470862#gid=308470862 |
| ВжДФ | 281 | 281 | 100% | https://docs.google.com/spreadsheets/d/1ZIJjyU29vsp_91bliYupPLproyOwJuDB/edit?gid=1874627982#gid=1874627982 |
| **БАРЛЫҒЫ:** | **1168** | **1168** | **100%** | |

## Оқу сабақтарының өткізілуін бақылау

2024–2025 оқу жылы ішінде оқу жоспарлау бөлімі бекітілген кестеге сәйкес оқытушылардың оқу сабақтарын өткізуін жүйелі түрде бақылады. Тексеру нәтижесінде оқу сабақтарының бұзылу жағдайлары тіркелді. Әрбір факт бойынша тиісті актілер жасалды.

Есепті кезеңде барлығы 13 сабақ бұзылуы тіркелді. Төменде анықталған бұзушылықтар бойынша жиынтық кесте берілген:

| № | Оқытушылар аты-жөні | Бұзылу саны | Күні | Факультет |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Сабырова А.С. | 1 | 19.09.2024 ж. | МАМжӘГПФ |
| 2 | Беркенов Б.М. | 1 | 10.10.2024 ж. | ВжДФ |
| 3 | Зейнгалиева З.Ш. | 1 | 29.10.2024 ж. | АОФ |
| 4 | Толеухан Н. | 1 | 29.10.2024 ж. | АОФ |
| 5 | Стамғазы Р.Ө. | 2 | 11.02.2025 ж., 14.02.2025 ж. | ХМФ |
| 6 | Қосанова А.Ш. | 1 | 11.02.2025 ж. | ХМФ |
| 7 | Шұғай А.Ш. | 1 | 10.02.2025 ж. | ХМФ |
| 8 | Мухамбетжанов Ш.М. | 1 | 07.02.2025 ж. | МАМжӘГПФ |
| 9 | Қойшыбаев А.О. | 1 | 07.02.2025 ж. | ХМФ |
| 10 | Хегай С.Е. | 1 | 07.02.2025 ж. | АОФ |
| 11 | Дюсембаева Р.С. | 1 | 13.03.2025 ж. | АОФ |
| 12 | Сапарбаев Е.И. | 1 | 13.03.2025 ж. | АОФ |

**ТҮЛЕКТЕРДІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ**

2024 жылы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында 292 түлек бітірді, оның ішінде 243 бакалавр, 46 магистрант және 3 докторант.

Бакалавриат түлектері БББ бөлінісінде:

«Музыкатану» – 4, «Композиция» – 5, «Арт-менеджмент» – 19, «Вокалдық өнер» – 28, «Дирижерлеу» – 27, Музыкалық білім беру – 17, «Аспаптық орындаушылық» – 57, Дәстүрлі музыкалық орындаушылық – 86 студент.

Жалпы жұмыспен қамтылу 90,12%-ды құрайды.

**БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙЛЕРІ БОЙЫНША ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ СТАТИСТИКАСЫ**

90,12% – Бакалаврларды жұмыспен қамту (243 бакалавриат түлегінің 219-ы жұмысқа орналасты);

100% – Магистранттарды жұмыспен қамту (45-і жұмысқа орналасты, 1-і декреттік демалыста);

100% – Докторанттарды жұмыспен қамту (Докторантураның барлық 3 түлегі жұмысқа орналасты).

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының түлектері Қазақстан бойынша әртүрлі музыкалық мекемелерге табысты жұмысқа

орналасады. Біздің студенттер келесі бағыттарда кәсіби тұрғыда жүзеге асырылуда:

Орта арнаулы оқу орындары:

Алматы, Орал, Шымкент, Талдықорған, Ақтөбе, Қызылорда, Семей, Павлодар, Ақтау және Атырау қалаларындағы музыкалық колледждер мен училищелер біздің түлектерді оқытушылар мен әкімшілер ретінде қабылдайды.

Мамандандырылған музыкалық мектептер:

Алматы қаласындағы А.Жұбанов атындағы РММИММИ, К.Байсейітова атындағы РММИММИ, Қарағанды қаласындағы Н.Тілендиев атындағы облыстық шағын өнер академиясы және "Мамандандырылған музыкалық мектеп-интернаты" КММ.

Кәсіби мәдениет мекемелері:

Барлық облыс орталықтарындағы филармониялар, опера және балет театрлары, концерттік ұйымдар мен мәдениет сарайлары, оның ішінде Абай атындағы Ұлттық опера және балет театры және Жамбыл атындағы Қазақ ұлттық филармониясы.

Балалар музыкалық мектептері:

Бүкіл ел бойынша мемлекеттік және жеке музыкалық мектептер, оның ішінде "Ж.Әубәкірованың авторлық мектебі" АҚ және "Қарақат мектеп студиясы" ЖШС сияқты авторлық мектептер мен мамандандырылған студиялар.

Консерватория жоғарыда аталған барлық мекемелермен тығыз байланыста, бұл біздің түлектердің жұмысқа басымдылықпен орналасуын қамтамасыз етеді. Студенттер оқу кезінде Қазақстанның жетекші музыкалық ұйымдарында ұсыныстар мен практикалық жұмыс тәжірибесін алады.

**АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ СЫРТҚЫ ШЫҒЫС АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҒЫ: 2024–2025 оқу жылы**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **1** | **Акбергенов Нуркен (I семестр)** | 3 – Виолончель | **Виго музыка жоғары консерваториясы (Виго, Испания)** | **Erasmus+** |
| **2** | **Асхат Мадина (I семестр)** | 3 – Альт | **Виго музыка жоғары консерваториясы (Виго, Испания)** | **Erasmus+** |
| **3** | **Амангельды Лейла (I семестр)** | 2 – Скрипка | **Виго музыка жоғары консерваториясы (Виго, Испания)** | **Erasmus+** |
| **4** | **Адлет Малика (I семестр)** | 3 – Симфониялық дирижирлеу | **К. Пендерецкий атындағы Музыка академиясы (Краков, Польша)** | **Erasmus+** |
| **5** | **Пестов Артемий (I семестр)** | 2 – Композиция | **Н.А. Римский-Корсаков атындағы Санкт-Петербург** | **Ақылы оқу + республикалық бюджет** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | **консерваториясы (Санкт-Петербург, Ресей)** | |
| 6 | **Рыскулова Нурай (II семестр)** | 3 – Скрипка | **Виго музыка жоғары консерваториясы (Виго, Испания)** | **Erasmus+** |
| 7 | **Рысқали Зарина (II семестр)** | 3 – Скрипка | **Виго музыка жоғары консерваториясы (Виго, Испания)** | **Erasmus+** |
| 8 | **Күзеубай Мадина (II семестр)** | 3 – Арт-менеджмент | **Гнесиндер атындағы Ресей музыка академиясы (Мәскеу, Ресей)** | **Тегін оқу + республикалық бюджет** |
| 9 | **Құрманғалиев Мейірман (II семестр)** | 3 – Арт-менеджмент | **Гнесиндер атындағы Ресей музыка академиясы (Мәскеу, Ресей)** | **Тегін оқу + республикалық бюджет** |
| 10 | **Адлет Малика (II семестр)** | 3 – Симфониялық дирижирлеу | **К. Пендерецкий атындағы Музыка академиясы (Краков, Польша)** | **Erasmus+** |
| 11 | **Жумагалиева Риза (II семестр)** | 2 – Хорды дирижирлеу | **Братиславадағы орындаушылық өнер академиясы (Братислава, Словакия)** | **Тегін оқу. Шарт, шығындар өз есебінен** |
| 12 | **Искакова Айым (II семестр)** | 2 – Хорды дирижирлеу | **Братиславадағы орындаушылық өнер академиясы (Братислава, Словакия)** | **Тегін оқу. Шарт, шығындар өз есебінен** |
| | **Арина Сухова (I семестр)** | **3 – Вокал** | **А. К. Глазунов атындағы Петрозаводск мемлекеттік консерваториясы (Петрозаводск, Ресей)** | **Тегін оқу. Іссапар шығындары жіберуші тарап есебінен** |
| | **Ксения Снеткова (I семестр)** | **3 – Вокал** | **А. К. Глазунов атындағы Петрозаводск мемлекеттік консерваториясы (Петрозаводск, Ресей)** | **Тегін оқу. Іссапар шығындары жіберуші тарап есебінен** |
| | **Люсия Жаннре (I и II семестр)** | **3 – Музыкатану** | **Цюрих университеті (Цюрих, Швейцария)** | **Ақылы оқу** |
| | **Ксения Семилетова (II семестр)** | **3 – Арнайы фортепиано** | **Воронеж мемлекеттік өнер институты (Воронеж, Ресей)** | **Тегін оқу. Іссапар шығындары жіберуші тарап есебінен** |

## ІШКІ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ

| Кіріс ұтқырлығы | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **№** | **Аты-жөні** | **Курс** | **БББ** | **Жіберуші ЖОО** | **Мерзімі** |
| 1 | Габитова С.Г. | 3 | 6В02116 – Дәстүрлі музыкалық өнер (Халық әні) | М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті | 20.01-ден 25.05.2025 ж. дейін |
| **Шығыс ұтқырлығы** | | | | | |
| 1 | Қайрбек Ж.Р. | 2 | 6В02123 – Арт-менеджмент | Қазақ ұлттық хореография академиясы | 13.01-ден 31.05.2025 ж. дейін. |
| 2 | Калимова Э.К. | 2 | 6В02123 – Арт-менеджмент | Қазақ ұлттық хореография академиясы | 13.01-ден 31.05.2025 ж. дейін. |
| 3 | Закария Н.М. | 2 | 6В02123 – Арт-менеджмент | Қазақ ұлттық өнер университеті | 20.01-ден 31.05.2025 ж. дейін |

## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ

| Жаңа БББ әзірлеу | Тізілімнен шығару | БББ-ны жаңарту және БББ-ны тізілімге жүктеу |
|---|---|---|
| 2024 жылдың 28 ақпанында Консерватория Ғылыми кеңесінің № 07 хаттамасымен «6В02118 – Әскери-үрмелі оркестрге дирижерлік ету» жаңа бірлескен білім беру бағдарламасы (БББ) бекітіліп, тізілімге енгізілді (19.04.2024ж.). | Бағдарламалардың өзектілігін жоғалтуына байланысты 11 білім беру бағдарламасы БББ тізілімінен шығарылды, бұл бағдарламалар тізбесін заманауи талаптар мен еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес жаңартуға және бейімдеуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ, оқушылардың болмауына байланысты 6В02124 «Музыкалық театр режиссурасы» білім беру бағдарламасы БББ тізілімінен шығарылды. | • Бакалавриат бойынша 8 БББ<br>• Бейінді магистратура бойынша 5 жаңа БББ<br>• Ғылыми-педагогикалық магистратура бойынша 7 БББ<br>• Докторантура бойынша 7 БББ<br>• 2025 жылдың маусым-шілде айлары. |

**Шығармашылық ерекшелікті көрсету мақсатында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің (ҚР ҒЖБМ) нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру:**

2025 жылғы 19 наурыздағы №01-18/193 хат

2024 жылғы 5 қаңтардағы №4 бұйрық жобасына:

- «Біліктілік талаптарын бекіту туралы...»
- Шығармашылық ЖОО-ның ерекшеліктерімен сәйкессіздіктер атап өтілді.
- Растайтын құжаттар тізіміне толықтырулар ұсынылды.
- Дәлелдері бар салыстырмалы кесте дайындалды.

2025 жылғы 22 сәуірдегі №01-18/301 хат

2022 жылғы №166/116 бірлескен бұйрыққа:

«Тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін бекіту туралы...»

- Өлшемдер шығармашылық бағыттардың ерекшелігін ескермейді.
- Білім туралы заңдармен ықтимал қайшылықтар анықталды.
- Тексеру парақтарына түзетулер ұсынылды.

2025 жылғы 15 сәуірдегі №01-18/285 хат

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінің жалпы проблемалары:

- Шығармашылық ЖОО үшін нормативтік базаның жеткіліксіз икемділігі.

**КӘСІБИ ТӘЖІРИБЕ**

| | **Күзгі-қысқы семестр 2024 жылғы 01 қыркүйектегі № 03 бұйрық** | **Көктемгі-жазғы семестр 2025 жылғы 14 қаңтардағы № 121 бұйрық** |
|---|---|---|
| **Барлық БББ бойынша 4 тәжірибе түрі:**<br>**- оқу;**<br>**-педагогикалық;**<br>**- өндірістік;**<br>**- диплом алдындағы** | 537 оқушы (офлайн);<br>Қазақстан өңірлерінен мәдениет мекемелерімен, мектептермен, колледждермен 2 шарт | 1206 оқушы (офлайн)<br>Алматы қаласының мәдениет мекемелерімен, мектептермен, колледждермен 15 шарт |
| **ПРАКТИКА туралы ақпарат** | https://www.conservatoire.edu.kz/kz/learning-process/praktika/?sphrase_id=19731 | |

**КӘСІБИ БАҒДАР – 2025: ФАКУЛЬТЕТТЕРДІҢ АШЫҚ ЕСІК КҮНДЕРІ:**

1. 2025 ЖЫЛҒЫ 14 МАМЫР. МУЗЫКАТАНУ, АРТ-МЕНЕДЖМЕНТ ЖӘНЕ ӘГД ФАКУЛЬТЕТІ;

2. 2025 ЖЫЛҒЫ 15 МАМЫР. АСПАПТЫҚ ОРЫНДАУШЫЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ;
3. 2025 ЖЫЛҒЫ 15 МАМЫР. ХАЛЫҚ МУЗЫКАСЫ ФАКУЛЬТЕТІ;
4. 2025 ЖЫЛҒЫ 15 МАМЫР. ВОКАЛ ЖӘНЕ ДИРИЖЕРЛЕУ ФАКУЛЬТЕТІ.

**«ӨНЕР» БАҒЫТЫ БОЙЫНША ЖОБАЛАРДЫ БАСҚАРУ ТОБЫНДА ЖҰМЫС (ОӘК-ЖБТ):**

1) 2024 жылдың 10 желтоқсанында Оқу-әдістемелік бірлестіктің отырысында – «Өнер» бағыты бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары үшін қазақ тіліндегі оқулықтармен және оқу құралдарымен қамтамасыз етілу жағдайы туралы (Байғонысова Ғалия Уалханқызы – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының ғылыми-ақпараттық кітапханалық қызметінің жетекшісі);

2) 2025 жылдың 5 наурызында – Өнер саласындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы бірлескен білім беру бағдарламаларын (БББ), қос дипломды бағдарламаларды (ҚДБ), академиялық және шығармашылық ынтымақтастықтарды іске асыру (Уразымбетов Дамир Дуйсенович – өнертану кандидаты, қауымдастырылған профессор, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының халықаралық бағдарламалар және ынтымақтастық бөлімінің жетекшісі);

3) № 3 отырыс. 2025 жылғы 5 мамыр;

4) № 4 отырыс. 2025 жылғы 4 маусым;

5) № 5 отырыс. 2025 жылғы 27 маусым, Шығармашылық мамандықтардың мамандары үшін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мүмкіндіктері. Мәдениет және өнер саласындағы ғылымды дамыту (Сарымсакова Алмагул Сессияевна – сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесінің жетекшісі, өнертану кандидаты, Құрманғазы атындағы ҚҰК қауымдастырылған профессорының м.а.).

**ОӘК ҚЫЗМЕТІ:**

ОӘК-нің 7 отырысы өтті:
№ 01 ХАТТАМА, 09.09.2024 ж.
№ 02 ХАТТАМА, 03.10.2024 ж.
№ 03 ХАТТАМА, 05.12.2024 ж.
№ 04 ХАТТАМА, 24.01.2025 ж.
№ 05 ХАТТАМА, 02.04.2025 ж.
№ 06 ХАТТАМА, 15.05.2025 ж.
№ 07 ХАТТАМА, 12.06.2025 ж.

| Қаралған мәселелер саны – 47 | |
|---|---|
| Ұйымдастыру мәселелері | 6 |
| Жоспарлау және есептілік | 11 |
| Оқу жоспарлары, бағдарламалар, құжаттама | 10 |
| Біліктілікті арттыру | 5 |
| Сапаны бақылау және бағалау | 6 |
| Студенттердің тәжірибесі | 3 |
| Ұлттық жобалар мен рейтингтер | 2 |
| Әртүрлі | 4 |

**Оқу және оқу-әдістемелік материалдарды басып шығаруға ұсыну статистикасы:**

Оқу құралдары – 6;

Ғылыми әдістемелік құралдар – 1;
Әдістемелік мақалалар жинағы – 10;
Электрондық әдістемелік құралдар – 1;
Оқу-әдістемелік құралдар – 3;
Хрестоматии – 3;
Сөздік – 1.

## ОӘК ОРЫНДАЛУЫ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ КЕСТЕ

| № | БББ атауы (Білім беру бағдарламасының атауы) | Жоспарланған | Орындалды | Орындалмай қалды | Жоспардан тыс |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Вокалдық өнер | 3 | 0 | 3 | 0 |
| 2 | Дирижерлеу | 3 | 2 | 0 | 1 |
| 3 | Үрмелі және ұрмалы аспаптар | 3 | 0 | 3 | 0 |
| 4 | Арнайы фортепиано | 2 | 0 | 0 | 2 |
| 5 | Жалпы фортепиано | 7 | 0 | 7 | 0 |
| 6 | Ансамбль өнері | 3 | 2 | 1 | 0 |
| 7 | Музыкатану және композиции | 8 | 1 | 7 | 1 |
| 8 | Арт-менеджмент | 1 | 0 | 1 | 0 |
| 9 | Ішекті аспаптар | 6 | 2 | 2 | 2 |
| 10 | Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер | 5 | 3 | 2 | 0 |
| 11 | Домбыра | 8 | 1 | 4 | 3 |
| 12 | Қобыз және баян | 8 | 1 | 7 | 0 |
| 13 | Халық әні | 11 | 3 | 7 | 1 |
| 14 | Көне музыкалық аспаптар | 6 | 0 | 6 | 0 |
| 15 | Оқу-әдістемелік жұмыс және инклюзивті білім беру | 1 | 0 | 0 | 1 |
| **БАРЛЫҒЫ** | | **75** | **15** | **50** | **10** |

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің XVII Республикалық пәндік олимпиадасының, сондай-ақ XVII Республикалық шағын олимпиаданың қорытындысы бойынша есеп 2025 жылдың 30 сәуірінде Ғылыми кеңестің отырысында ұсынылды.

## ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК СЕМИНАРЛАР

Бірінші курс студенттеріне арналған кураторлық сағат: кредиттік оқыту жүйесімен танысу

1) 2024 жылдың 11 қыркүйегінде Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының бірінші курс студенттеріне кредиттік оқыту технологиясы мәселелеріне арналған кураторлық сағат өтті.

2) «Өнер» бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңеске ұсынылатын әдебиетті рәсімдеу тәртібі

**2023-2024 оқу жылында ББЖҚБАИ базасында БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ**

| **БКА бағдарламалары (Біліктілікті көтеру бағдарламалары)** | |
|---|---|
| Авторлық курс (жеке) | 4 |
| Шеберлік сыныбы | 135 |
| Авторлық курс (топтық) | 92 |
| Тағылымдама | 1 |
| Мамандық | 7 |

**2024-2025 оқу жылындағы БКА курстарының бағдарламалары бойынша тыңдаушылардың жалпы саны**

| № | Бағдарлама | Тыңдаушылар саны |
|---|---|---|
| **1** | Авторлық курс (жеке) | 4 |
| **2** | Авторлық курс (жеке, 17% жеңілдікпен) | 54 |
| **3** | Авторлық курс (жеке, 50% жеңілдікпен) | 4 |
| **4** | Авторлық курс (топтық) | 12 |
| **5** | Мамандық | 10 |
| **6** | Шеберлік сыныбы | 13 |
| **7** | Шеберлік сыныбы (ҚҰК педагогтары) | 28 |
| | **Барлығы** | **126** |

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

**1.** Құрманғазы атындағы ҚҰК 2024-2025 оқу жылының Академиялық мәселелер жұмысы туралы есебі бекітілсін.

**ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ:** Бірауыздан қабылданды.

**2. ТЫҢДАЛДЫ:** Әлеуметтік тәрбие жұмысы және жастар саясаты қызметінің басшысы Ж. Ысқақовтың 2024-2025 оқу жылындағы тәрбие және әлеуметтік жұмыстар туралы есебі.

**СӨЗ СӨЙЛЕДІ:**

*Ж. ЫСҚАҚОВ – Әлеуметтік тәрбие жұмысы және жастар саясаты қызметінің басшысы:*

Қайырлы күн Құрметті ҒК төрағасы және мүшелері. Назарларыңызға Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 2024-2025 оқу жылындағы тәрбие және әлеуметтік жұмыстар туралы есепті ұсынамын және оны бекітулеріңізді сұраймын.

2024-2025 оқу жылында Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында тәрбие және әлеуметтік жұмыс жүйелі әрі кешенді түрде жүргізілді. Басты мақсаты – білім алушылардың азаматтық жауапкершілігі мен адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, әлеуметтік қолдау көрсету және психологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету арқылы үйлесімді тұлға тәрбиелеу.

Консерваторияның тәрбиелік қызметі жастардың рухани және мәдени дамуына, ұлттық құндылықтарды ұлықтауға, білім алушылардың қоғамдық белсенділігін арттыруға бағытталды. Әлеуметтік жұмыс барысында білім алушылардың әл-ауқатын жақсартуға, олардың білім алуына қолайлы орта құруға ерекше назар аударылды. Сонымен қатар, волонтерлік бастамаларды дамыту, білім алушыларға, патриоттық тәрбие беру, құқықтық мәдениетті арттыру, экологиялық сана қалыптастыру бағыттарында бірқатар маңызды шаралар жүзеге асырылды. Аталған жұмыстар білім алушылардың белсенділігімен, оқытушылар мен бөлімдердің бірлескен әрекетімен жүзеге асырылып, тәрбиелік жұмыстың сапасы мен нәтежиелерін арттырды.

2024-2025 оқу жылында тәрбие және әлеуметтік жұмыстар бойынша бірқатар ерекшеліктер де болды. Атап айтатын болсақ, консерваторияда әлеуметтік-тәрбие жұмысы және жастар саясаты қызметі құрылып, қызмет ішінде тәрбие жұмысы және жастар саясаты бөлімі мен әлеуметтік жұмыстар секторы, психологиялық және медициналық қызмет көрсету және жатақхана әкімшілігінен тұрды.

Қазіргі таңда еліміздің рухани жаңғыру үдерісіне сәйкес, жастар саясатын жүзеге асыру және әлеуметтік-тәрбие жұмысын жүйелі түрде ұйымдастыру – жоғары оқу орындары үшін басты міндеттердің бірі болып табылады. Осы орайда, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының барлық факультеттерінде тәрбие жұмысының жаңа бағытта, заманауи талаптарға сай жолға қойылып келе жатқанын ерекше атап өткіміз келеді.

Әсіресе, оқу орнының факультет декандары мен профессорлық-оқытушылық құрамының, кафедра мүшелерінің жастар тәрбиесіне белсенді араласып, идеялық-танымдық, патриоттық бағыттағы жұмыстарды жандандырып отырғанын атап айту – орынды. Бүгінгі таңда білім алушыларды елжандылыққа тәрбиелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, діни экстремизмнің алдын алу, психологиялық сауаттылықты арттыру, әлеуметтік жауапкершілікті сезіне білетін орта құру, сонымен қатар қазақ және шетел тілдерін меңгеру сынды маңызды құндылықтарды бойына

сіңіру бағытында бірқатар жүйелі жұмыстар атқарылуда. Аталған мақсат-міндеттерді жүзеге асыруда айрықша белсенділік танытып, нақты нәтижелерге қол жеткізіп жүрген әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының еңбегін ерекше атап өткіміз келеді. Бұл кафедра ұжымы жастардың қоғамдық санасын қалыптастыруға, азаматтық көзқарасын орнықтыруға және мәдени-рухани дамуына сүбелі үлес қосып келеді.

Сонымен қатар әрбір бастаманы қолдап, тәрбиелік мәні жоғары іс-шаралардың сәтті жүзеге асуына себепкер болып жүрген факультет декандарына, кафедра меңгерушілеріне, оқытушылар мен кураторларға зор алғысымызды білдіреміз. Біз бүгінгі жеткен әрбір жетістігімізді – ұстаздар мен басқарушы құрамның тынбай еңбек етіп, ынтымақпен бірлескен жұмысының нәтижесі деп білеміз. Осы бірлескен қажырлы еңбектің арқасында ғана болашақ ұрпақтың кемел тұлға болып қалыптасуына жол ашылады деп сенеміз.

2024-2025 оқу жылында Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында тәрбие және әлеуметтік жұмыс жоғары деңгейде жүзеге асырылып, жоспарға енгізілген негізгі бағыттардың барлығын қамтыды. Әлеуметтік-тәрбие жұмысы және жастар саясаты қызметінің, тәрбие жұмысы және жастар саясаты бөлімінің, әлеуметтік жұмыс секторының, факультеттер мен сыртқы ұйымдармен өзара тығыз байланысының нәтижесінде жоспарланған көрсеткіштер толық орындалып қана қоймай, едәуір артығымен орындалды.
Жоспарланған 180 іс-шараның орнына 324 іс-шара өткізіліп, бұл әлеуметтік-тәрбие жұмысы жүйесінің жоғары белсенділігін, икемділігін және тиімділігін көрсетті. Тәрбие жұмысының алдын алу, патриоттық, инклюзивтік, мәдени, құқықтық және волонтерлік бағыттарына, сондай-ақ әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы студенттерге қолдау көрсетуге ерекше назар аударылды.

Есеп беру кезеңінде жаңа жобалар сәтті жүзеге асырылып, жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастық артты, жұмыс түрлері мен әдістері кеңейіп, цифрлық құралдар белсенді түрде қолданылды. Студенттердің азаматтық жауапкершілігін, құқықтық сауаттылығын, күйзеліске төзімділігін қалыптастыруға, сондай-ақ олардың психологиялық және әлеуметтік әл-ауқатын қолдауға басымдық берілді.

Атқарылған жұмыс тәрбие жүйесінің орнықты дамуын, оң нәтижелерін және қазіргі заманғы сын-қатерлер мен мемлекеттік жастар саясатының басымдықтарын ескере отырып, оны одан әрі жетілдіруге зор әлеуеттің бар екенін көрсетті.




**Жалпы жоспар: 180 іс-шара.**
**Нақты өткізілген: 324 іс-шара.**

**Оның ішінде:** Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 2023–2029 жылдарға арналған даму жоспары бағдарламасы аясында, 2025-2029 жылдарға белгіленген стратегиялық көрсеткіштердің жаңартылған нұсқасына сәйкес бірқатар маңызды нәтижелерге қол жеткізілді.

| **№ п/п** | **Іс-шаралар** | **Өлшем бірлігі** | **2025 Жоспар** | **2025 Нәтиже** |
|---|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** |
| **Стратегиялық бағыт №7. Тәрбие жұмысы және студенттік өзін-өзі басқару Мақсаты: Консерваторияның тәрбие және әлеуметтік іс-шараларына қатысу арқылы студенттердің басқарушылық, әкімшілік және коммуникациялық құзыреттерін дамытуға жағдай жасау** | | | | |
| 72. | Қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілік, адамгершілік қарым-қатынас, рухани-имандылық тәрбие және ұлттық құндылықтарды насихаттау бойынша іс-шаралар, соның ішінде нашақорлықтың, ішімдіктің, қылмыстың, суицидтің, моральға жат мінез-құлықтың және өзге де теріс көріністердің алдын алу | Дана | 20 | 140 |
| 73. | Мәдениет, ғылым және білім қайраткерлерімен/қоғам белсенділерімен шығармашылық кездесулер | Дана | 5 | 28 |
| 74. | Студенттердің мектептерде, ауруханаларда және басқа да әлеуметтік мекемелерде жүзеге асыратын қоғамның рухани-эстетикалық дамуына бағытталған ағартушылық жобалар | Дана | 6 | 20 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 75. | Студенттердің әлеуметтік мәселелерін шешуге, психологиялық көмек көрсетуге, дене тәрбиесі мен экологиялық тәрбиені қалыптастыруға, салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған іс-шаралар | Дана | 10 | 116 |
| 76. | Дене тәрбиесі, экологиялық тәрбие, салауатты өмір салты және психологиялық кеңеске қатысқан студенттердің үлесі | Жалпы санынан % | 50 | 55 |
| 77. | Заңдық жауапкершілік, моральдық-этикалық нормалар (соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және қаржылық сауаттылық), діни тәрбие, ұлтаралық келісімді нығайту және экстремизмнің алдын алу мәселелеріне арналған дәрістер мен семинарлар | Дана | 5 | 20 |
| 78. | Азаматтық пен патриотизм деңгейін арттыру, волонтерлік акциялар мен әлеуметтік жобаларға қатысу мақсатында ұйымдастырылған қоғамдық қызметке тартылған студенттердің үлесі | % | 40 | 50 |

**Аталған бағыт шеңберінде келесі көлемді жобалар ерекше нәтиже көрсетті:**

1) «PsychoExpress» жобасы аясында Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарындағы (Нархоз университеті, АУЭС, ALT, AlmaU, ҚазҰПУ, АТУ) студенттер мен оқытушыларға арналған психологиялық тренингтер, ашық кеңестер мен семинарлар өткізілді.

2) Экологиялық бағыттағы ірі жобалар: «Жасыл ел» бағдарламасы шеңберінде Консерватория студенттері жатақхана мен оқу ғимараты маңын тазарту, көгалдандыру, бөлмелерді сырлау, санитарлық жағдайды жақсарту жұмыстарымен айналысты. Сонымен қатар, «Green Point» және «Eco Qadam» акциялары, «Салауатты ұрпақ» экологиялық марафоны мен «Таза Қазақстан» республикалық акциясына студенттер белсенді қатысты.

3) Тарихи-мәдени экспедиция: Түркістан қаласына ұйымдастырылған сапар барысында студенттер Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, тарихи кешендер және Отырар қаласымен танысты. Сапардың мақсаты — ұлттық рухты көтеру және тарихи сананы қалыптастыру болып табылады;

4) Флешмобтар мен мерейтойлық бастамалар: Құрманғазы атындағы ҚҰК-нің 80 жылдық мерейтойына орай және Наурыз мерекесі қарсаңында бірқатар ерекше форматтағы мәдени акциялар өткізілді. Атап айтқанда:

1. 2024 жылғы 23 қарашада ансамбль саксофонисттері «Абай» метро станциясында музыкалық флешмоб ұйымдастырды;
2. 3 желтоқсанда домбырашылар «Байқоңыр» метро станциясында өнер көрсетті;

3. Үрмелі аспаптар кафедрасының білім алушылары Aport Mall East сауда орталығында халыққа арналған ашық концерт өткізді;

4. 22 наурызда, студенттер «Байқоңыр» және «Абай» метро станцияларында ұлттық аспаптармен музыкалық флешмоб ұйымдастырды;

5. Домбырашылар, қобызшылар және вокалистер бірлесіп орындаған «Наурыз күйі» тұрғындар мен қала қонақтарына рухани серпіліс сыйлады.

Барлық флешмобтар Құрманғазы атындағы ҚҰК Әлеуметтік-тәрбие жұмысы және жастар саясаты қызметінің сүйемелдеуімен және Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор Н.Т. Кулдановтың қолдауымен жүзеге асты.

5) Қайырымдылық және ағартушылық жобалар: Студенттер Алматы қаласындағы әлеуметтік мекемелерде (қарттар үйлері, инклюзивті орталықтар) концерттер қойып, волонтерлік көмек көрсетті. Сонымен қатар, студенттер ауруханаларда рухани-ағартушылық жобалар аясында ашық сабақтар өткізді.

6) Қалалық спорт жарыстарына қатысу: Алматы қаласындағы ЖОО арасындағы футбол турниріне ҚҰК студенттерінің командасы қатысып, жүлделі 1-2 орындарға ие болды. Сонымен қатар, ПОҚ (профессорлық-оқытушылық құрам) құрамы воллейболдан Абай атындағы Қазақ ұлттық Педагогикалық Университетінде өткен жарыста 1 орын иеленді.




**2024–2025 оқу жылында консерваторияда өткен бірқатар мерекелік және әлеуметтік бағыттағы іс-шараларды келесі демеушілер қолдады:**

1) FRUIT GO
2) «МукаМолл» ЖШС
3) ЖК «Махмутова»
4) «Медина» балабақшасы

5) «Тауфик» мейрамханасы
6) Жк «Жинақбаева»
7) Қазақстанның Республикалық этномәдени орталығы
8) «Айнұра» мейрамханасы
